

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1997 жылғы 18 шілдедегі
Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі
туралы N 10 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы 1999 жылғы 30 сәуір N 3.

Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілікті реттейтін Қазақстан Республикасы қылмыстық заңдарының өзгертілуіне байланысты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1997 жылғы 18 шілдедегі "Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік туралы" заңды қолдану тәжірибесі туралы" N 10 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 1-тармақ "контрабанда деп танылады" сөздерінен кейін мынадай сөйлеммен толықтырылсын: "Соттар экономикалық контрабанда кезінде, егер оған жауапкершілік ҚК-тің 209-бабында көзделген болса, - мемлекеттің экономикалық мүддесі, ал ҚК-тің 250-бабында көзделген контрабанда болса, - қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздік мүддесі негізгі және тікелей объект болып табылатынын ескеруі тиіс".

2. 6-тармақ "мен ауытқуы (содан туындайтын) жатады" сөздерінен кейін мынадай сөйлеммен толықтырылсын: "Аталған, сондай-ақ басқа да айналыстан алынбаған заттарды немесе айналысы шектелмеген заттарды (мысалы, азық-түлік, киім, аяқ киім, парфюмерлік заттар және т.б.) Республикалық кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізу үшін жауапкершілік ҚК-тің 209-бабында белгіленген".

3. 7-тармақтағы "орнынан әкетілуі" сөздері "ҚК-тің 250-бабында көзделген қылмыс құрамын құрайды және" сөздерімен толықтырылсын.

4. 14-тармақ мынадай редакцияда берілсін: "Осы санаттағы істер бойынша жаза тағайындаған кезде соттар ҚК-тің 52-бабының талаптарын басшылыққа алып, мұндайда жаза негізді және әділ болуы үшін контрабанда заттарының мөлшері мен санын ескергені, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, немесе арнаулы, әскери не құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру ретіндегі қосымша жаза тағайындау мәселесін қарағаны жөн. Заңмен көзделген жағдайларда контрабанда заттарын мемлекет кірісіне енгізген жөн."

5. 1, 9, 12 тармақтарынан "мемлекеттік немесе" сөздері алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Соты Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,

Пленум хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК